

## Тілтаным ғылымындағы білім парадигмасының қалыптасуы

Э. Н. Оразалиева – филология ғылымдарының докторы,  
профессор, Назарбаев Университеті,  
Қазақ тілі және түркітану департаменті

*Пәлсапалық таным ұғымдарымен тығыз байланыста, соның бір бөлігі ретінде дүниеге келген тіл туралы ғылымның қазірде қазақ топырағында қалыптасу ерекшелігін айқындау, даму бағыттарын саралау, әлемдік лингвистиканың концептуалды тұжырымдарымен сабақтастығын, өзіндік үлесін талдау қажеттігі маңызды. Хронотопиялық көрсеткіштермен қатар қолданылатын алғышарт, мақсат, нысан, әдіс, бағалау ұғымдарының қай-қайсысы да ғылыми көпшіліктің бірлескен әрекетін сипаттауға негізделетіндіктен, кез келген тіл ғылымындағы білім парадигмасын белгілі бір теориялардың даму кезеңдерімен, олардың парадигмалық тұжырымдарымен анықтау – тіл ғылымының құнды өзегі.*

*Наука о языке, сформированная на стыке философских когнитивных понятий, имеет свои особенности и в казахском языкознании. В этой связи очень важно определить специфику ее развития, отмечая взаимосвязь с мировыми лингвистическими концепциями. Учитывая роль хронотопических показателей наряду с целевыми, методическими, коннотативными индикаторами в описании научных школ и направлений, очень важно обратить внимание на парадигму знаний в лингвистике в сочетании с периодизацией становления определенных теорий и концепций.*

*The science of language, formed at the junction of philosophical cognitive concepts, has its own characteristics in Kazakh linguistics. In this regard, it is very important to determine the specifics of its development, noting the relationship with world linguistic concepts. It is very important to pay attention to the knowledge paradigm in linguistics in combination with the periodization of the formation of certain theories and concepts by underling the role of chronotopic indicators along with the target, methodological, and connective indicators in the description of scientific schools and directions*

Жалпы тілтану мәселелерінің қалыптасып, дамуы диалектика мен динамика заңдылықтарына сүйенетін құбылыстардың бірі деп танылатындықтан, лингвистер тіл білімін қарапайымнан күрделіге, жалқыдан жалпыға қарай айқындалатын, үнемі толығу, өзгеру үстінде болатын тұжырымдар тізбегі деп сұрыптайды. Жалпы және жеке лингвистиканың зерттеу бағыттарын бір-бірінен туындайтын логикалық байланыстар нәтижесі деп дәйектеген ғалымдар барлық тілдерге тән қағидаларды сұрыптау мақсатында лингвистикалық салаларды, категорияларды сипаттайтын жеке тілдік деректерді салыстыра-салғастыра қарастыру қажет екенін ескертеді (В.фон Гумбольдт, Л.Блумфильд, Ф. Де Соссюр, И.А.Бодуэн де Куртенэ, Ю.Д.Поливанов, Э.Бенвенист, А.А.Реформатский, Ф.М.Березин, В.А.Звегинцев, В.И.Кодухов және т.б.) [1].

Нәтижесінде әр лингвистикалық арнаның өз даму принциптерін сұрыптауға болатын ұстанымдар желісі анықталып, жалпы ереже - «тіл атаулының барлығына тән, күллісіне ортақ жалпы заң»; жалқы ережелер – әрбір тілдің өзіндік даму ерекшеліктерін сипаттайтын нормалар болып есептелді. Екі бағыттың да тіл білімі үшін маңыздылығын айғақтаған тілшілер кез келген тілдің «қоғамдық құбылыс ретіндегі жалпы адам баласының тілін сипаттайтын жалпы заңдылықтарымен» қатар «нақтылы бір тілдің өзіне тән, оны басқа тілдерден бөліп қарауға мүмкіндік беретін жеке заңдарын ажырата білу қажеттігіне» [2; 77, 451, 456] баса назар аударды, сондықтан бүгінгі күні олар жеке тілдік фактілерді жалпы тіл табиғатын да, қызметін де, өзге құбылыстармен байланысу принциптерін де түсіндірер мәселелер қатарында қарастырған дұрыс деп есептейді. Пәлсапалық таным ұғымдарымен тығыз байланыста, соның бір бөлігі ретінде дүниеге келген тіл туралы ғылымның қазірде қазақ топырағында қалыптасу ерекшелігін айқындау, даму бағыттарын саралау, әлемдік лингвистиканың концептуалды тұжырымдарымен сабақтастығын, өзіндік үлесін талдау қажеттігі сол байланыстың уәжді жалғасы болып табылады.

Тіл туралы ғылымның тарихи қалыптасуы мен теориялық дамуы алуан түрлі ұғымдардың да лингвистика шеңберінде қолданыс табуына себепкер болды. Өзге ғылымдармен тығыз байланыс құрай отырып, тіл білімі пәлсапалық, қоғамдық, психологиялық терминдерді тілдік ізденістерге арқау етіп, ғасырлар тоғысында жаңа міндеттер шешу мүмкіндігіне ие болды, соның арқасында қазір лингвистика пәнаралық шекараларды жаңаша белгілеумен қатар, ғылыми тұтасудың да өзгеше үрдісін қамтамасыз етіп отыр. Бұл процестердің астарында «адамзат болмысын» ерекше қабылдау, «қоғамдық қатынастарды» жан-жақты түсіну, «ғылыми зерттеу мүмкіндіктерін» жаңа бағытқа жұмылдыру әрекеттері байқалады. Бүгінгі күні көкейтесті ұғымдар қатарын толықтырған «тілдік парадигма» тіркесі де сол үзілмес байланыстар тізбегінен орын алуда. «Парадигма» - салыстырмалы түрде тек кейінгі жылдары ғана қажеттілік тудырған концептілердің бірі» [3; 15] деп көрсетілгендей, аталмыш терминнің қалыптасуы мен өзектелуі ғылыми сұраныстың салдарын құрайды. Атропоцентристік бағыттың өріс алуымен, тіл тарихының зерделенуімен әрі танымдық ұстанымдардың маңыздылығымен айғақталар бұл ұғымның мағыналық болмысы бірден айқындала қойған жоқ. Оған дәлел ретінде В.З.Демьянков ұсынған шолуға назар аударуға болады. «Парадигма» «еуропа ғылымында», нақтырақ айтқанда, роман, герман топтарында, орыс тілдерінде жүйелі түрде тек бір мағынада қолданылмаған. Ол алғашында латын тіліне грек тілінде жарық көрген теологиялық жазбалар мен риторикалық еңбектер арқылы енген. Аталмыш ұғым бастапқы кезде «жағымды, жағымсыз мысалдардың айтылуы»; «өмірден алынған үлгілер» (итальян тілінде); «жүйе» және «заңдылық» (испан тілінде) деген сөздермен

ұштаса беріліп келсе, кейін француз сөздіктерінде «мысал», ағылшын тілінде жазылған лексикографиялық зерттеулерде «үлгі немесе модель», «жалпы түсінік яки концепт», «лексеманың сөз түрлену мүмкіндіктерін айқындар септелу формалары» деген мағыналарда қарастырылған екен» [3; 16-18]. Осыған ұқсас сипаттағы түсініктемені орыс тілінде де кездестіруге болатынын атап өткен автор парадигма ұғымының жаңа белесін Т. Кун есімімен сабақтастырды, ал басты белгілерін «кундық мағына» тұрғысынан талдап көрсетті. Айталық,

- бұл көзқарастар жүйесі *жалпы көпшіліктің* сұранысын өтей алатындай болу керек;
- әр парадигманың жақтаушылары бір ғылыми тәжірибеге немесе ережеге сүйенуге тиіс;
- ғылыми қалыпқа сәйкес, нәтижелер бір негізде орындалуы қажет, яғни парадигманың бір өкілі қол жеткізген нәтиже өзгелермен салыстырылғанда қайталанып, жалпылаушы, нақтылаушы не болмаса жоққа шығарушы сипатқа ие болғаны дұрыс; демек, парадигма жинақталушы қор қызметін атқарса, оның өкілдері сақталатын хабарды жаңа деректермен толықтыратын функцияны жүзеге асыру керек;
- бір парадигма көлемінде міндеттер өзіне дейінгі жетістіктерге сүйену мақсатында дәлелді жолмен айғақталуы қажет;
- ғылым социологиясына сай, бір парадигма көлемінде зерттеулер жүргізген ғалымдар арасындағы қарым-қатынас қажеттілігі дәйектелуі керек [3; 26-27].

В. З. Демьянков парадигманың жасалуына аса қажет факторлардың ішінде әсіресе Т. Кунның «ғылыми қауымдастық» деген тіркесіне баса назар аударды. Бұл мәселе төңірегінде пікір айтқан ғалымдардың бірі Е. С. Кубрякова болды. Ол ғылыми және ұлттық мектептер мен одан туындайтын бағыттар қатарында тіл тарихында орын алар әртүрлі парадигмаларға зейін қою ғылыми көпшіліктің үлесін бағалаумен астасатынын дәлелдеуге тырысты. «Тіл теориясы аясында байқалар ағымдық және бағыттық ерекшеліктерге қарамастан, бұл зерттеулердің шын мәніндегі жаңа өзгерістерді түсінуде, ең бастысы, теориялық лингвистиканың адамдық факторды өзектеудегі орнын айқындап көрсетуде атқарар маңызы зор» [4; 5],-дей келе, зерттеуші білім парадигмасының лингвистика тарихындағы үлесіне, тіл туралы көзқарастарды жүйелеудегі қажеттілігіне, сол сияқты тіл хақындағы жаңа шындыққа негіз болар болмысына көңіл бөлді, сондықтан парадигма негізінде дамиды идеяларды ол келесі үлгіде топтап берді:

- парадигма нақты ғылым саласында қол жеткізген нәтижелерге сүйенеді;
- ол ғылыми қауымдастықтың сол нәтижелерді қабылдауын негізге алады;
- парадигма белгілі бір үлгі бойынша нақты мәселелер мен олардың шешімін модельдеу идеясын қолдайды [4; 6].

Аталмыш идеялардың жүзеге асуын тілші 6 сатыдан тұратын жүйелі қадамдар тізбегі ретінде айқындады, өйткені ғалым «тек олардың жиынтығы ғана қойылар проблема мен оның шешілу жолдары туралы көзқарасты қалыптастыра алады», - деп тұжырымдады. Зерттеушінің айтуына қарағанда, парадигмалық өлшемдерге төмендегідей мәселелер жату керек:

- ғалым *парадигманың хронотопиялық шектер арқылы дәйектелуін* уәждеді, яғни белгілі бір ғылыми парадигманың дүниеге келуін анықтайтын маңызды көрсеткіштер қатарында уақыт пен орынның (мекенжайдың) немесе кеңістіктің ерекше қызмет атқаратынын атап өтті; соған қарамастан тарих қойнауына еніп, алыстап кеткен парадигмаларды автор салыстырмалы түрде ғана айқындау қажеттігін ескертті;
- парадигманың пайда болуын түсіндіретін *шарттар, алғышарттар және уәждер* болатынын дәлелдеген автор «еш нәрсе бос жерде дүниеге келмейді, нөлден басталмайды, барлық білім тарихи тұрғыдан шартталған және байланысқан негізде дамиды» деген қағиданы ұстанды;
- ғалымның пікіріне сәйкес, *көзделген мақсаттар мен міндеттер*, көп жағдайда, парадигманың аты мен бағыт-бағдарын нақтылайды екен;
- тілші парадигманы нақтылау барысында *талдауға негіз болған пәндік аялар мен нысандардың* да ескерілуіне мән берді;
- *қолданылатын әдіс-тәсілдер* арқылы автор парадигмалық тұжырымдардың ерекшелігін сұрыптады;
- тілші *эволютивті аспект арқылы немесе бағалау әрекетінің* көмегімен тіл білімі жаңа сатыға көтеріліп, тіл туралы деректер аса құнды сипаттамалар мен түсініктемелерге жол ашады деген көзқарасты ұстанды [4; 9-13].

«*Парадигма деп мен барлығы қолдайтын және белгілі бір уақыт аралығында ғылыми қауымға алдына қойылар міндеттер мен оларды шешу жолдарының моделін ұсынатын ғылыми жетістіктерді атаймын*» [5; 11] деген Т. Кун тұжырымынан бастау алған бұл ұғым бүгінде лингвистикада бірде кең мағынасында қолданылса, бірде тар мағынада сипатталып келеді. Бірінші жағдайда ол көзқарастар, құндылықтар мен амалдар жиынтығы ретінде сөз болса, келесіде нақты бір міндеттерді шешу барысында пайдаға асатын үлгілер тұрғысынан сараланды, сол арқылы оның кең мағынадағы өзгешелігі сұрыпталды. Аталған екі парадигмалық мағынаның арасындағы үйлесімділік тіл жүйесінің белгілерін сипаттауда, адамның сөйлеу әрекетін түсіндіруде және осы міндеттерден туындайтын өзге де құрамды бөліктерді айқындауда ерекше қызмет атқарары сөзсіз, сондықтан қазір кейбір ғалымдар «парадигмалардың ауысуы» мен «ғылыми прогресс» тіркестерін синоним ретінде пайдаланады және оның өзегін тек жаңа идеялардың тууымен емес, оны қолдаушы жақтастарының сенімімен байланыстырады [3; 34]. Тіл біліміндегі мұндай идеялардың негізінде тіл туралы мәліметтер, тілдік

білімінің жинақталу, сақталу қоры әрі жүзеге асу нормалары көрініс табатындықтан, «...білім парадигмасының нақтыланған ұғымы лингвистикалық тарихнамаға да негіз бола алады деген ойдамыз, сөйтіп, тіл туралы көзқарастарды жүйелеу әрі тілді сипаттау амалдарының жемісті болуын анықтау нәтижесінде тіл шындығын табу, түсіндіру мүмкіндігі пайда болады. Лингвистикадағы әр жаңа білім парадигмасының мәні де сол арқылы анықталады, яғни белгілі бір уақытқа дейін назардан тыс қалып келе жатқан не болмаса толық түсінбеген яки түсініктеме, сипаттама берілмеген тіл өзгешеліктерін, белгілері мен аспектілерін ашатын шындықты бақылап табумен дәйектеледі» [4; 5]. В. З. Демьянковтың парадигманы «белгілі бір идеялардың үстемдігі» [3; 28] , -деп тұжырымдауы да сондықтан болар. Осы тұрғыдан автор идеяның әрі жаңа ұғымдармен, әрі бұрыннан таныс мәліметтерді қайта ой елегінен өткізумен толығыатынын ескертеді.

Кез келген ғылыми парадигмаға арқау болар тұжырымдар мен теорияларға, олардың қалыптасу, даму тарихына назар аударатын болсақ, әр уақытта арнайы заңдылықтардың сақталатынына көз жеткізу қиынға соқпас. Бір кезеңде өмір сүріп, бір мақсатта еңбек етіп, зерттеулер жүргізген ғалымдардың ортақ мүддеге бағытталуы, тіл туралы ізденістерін тоғыстыруы, шын мәнінде, ортақ парадигмалардың дүниеге келуін айғақтайды, себебі алуан түрлі теориялық тұжырымдардың бастауында тілдік деректермен қатар, сыртқы күштердің де ықпалы айқын сезіледі, сол арқылы пәнаралық сабақтастық ұстанымдары да жүзеге асырылады. Қоғамдық, идеологиялық шарттар, халықтық дәстүрлер мен мәдени құндылықтар, халықаралық қатынастар және өзге де толып жатқан факторлар әр тарихи дәуірдің өз заңдарын орнатады, сондықтан қоғамдық құбылыстардың бірі ретінде танылған тіл де бұл өзгерістерден сырт қала алмайды, керісінше, олармен тығыз байланыста, үзілмес бірлікте дамып отырады. Е. С. Кубрякова бөліп көрсеткен парадигмалық өлшемдердің әрқайсысында сол қатынастардың белгісі аңғарылады. Хронотопиялық көрсеткіштермен қатар қолданылатын алғышарт, мақсат, нысан, әдіс, бағалау ұғымдарының қай-қайсысы да ғылыми көпшіліктің бірлескен әрекетін сипаттауға негізделетіндіктен, кез келген тіл ғылымындағы білім парадигмасын белгілі бір теориялардың даму кезеңдерімен, олардың парадигмалық «қауымдастықтарымен» анықтаған маңызды. Нәтижесінде қазақ тіл білімінің даму кезеңдерін теориялық тұжырымдардың қалыптасу ерекшеліктерімен байланыстыра дәйектеуге болатыны сөзсіз. Бұл – лингвистикалық білім парадигмасын топтаудың аса құнды бағыттарының бірі.

Осы қатарда парадигма мен идея ұғымдарының тоғысын зерделеген В. З. Демьянков, Рудзка-Остиннің пікірі негізінде, когнитивтік лингвистиканың дамуын өзектеген алғышарттарды бұрынғы идеялардың қайта жаңғырып, жаңа сипатқа ие болуымен біріктіре түсіндірді. Мәселен:

- тіл – өзге салалармен тығыз байланыс құрайтын адамға тән когнитивтік белгілердің бірі, сондықтан ол пәнаралық зерттеулердің нысаны ретінде психологиялық, мәдени, әлеуметтік, экологиялық факторларды бейнелей алады;
- тілдік құрылым «концептуализация» үдерісіне тәуелді, өйткені ол адамның өзін және қоршаған әлемді меңгеруі, оның сыртқы дүниеге қарым-қатынасы сияқты тәжірибелерінің нәтижесі болып табылады;
- тілдік бірліктер, сонымен қатар, категоризация процесіне қатысты, олардың басым бөлігі метафоралық не болмаса метонимиялық сипатқа ие;
- грамматика семантика ұстанымдарымен уәжделген; басқаша айтқанда, тілдің граматикалық ерекшеліктері адамның оны мағыналық тұрғыдан қолдануынан туындайды;
- тілдік бірліктің мағынасы – концептуалды құрылым, ол әлеуметтік негізде осы бірлікпен байланысады; ал бұл байланыс әр тілдің өзгешелігін айқындайтын физикалық кеңістіктегі бейнелі ассоциацияларға негізделеді;
- мағыналар білім құрылымына сәйкес келетін терминдер арқылы беріледі (айталық, «концептуалды салалар», «қарапайым үлгілер (модельдер)» т.б.), оның ішінде негізгі және қосымша құрылымдар да бар;
- айтылған мәліметтерге сүйенер болсақ, синтаксис, морфология, фонология, лексикон, семантика және т.б. бір-біріне тығыз байланысты болғандықтан, ешқайсысы тілден тыс жатқан білімнен бөлек қарастырылмайды [3; 30-31].

Парадигма арқылы енген ұғымдар «жекеленген теориялардың емес, барша ғылым атаулының жетістігіне айналады», яғни, айталық, тілдің танымдық қызметін айқындайтын көзқарастардың эволюциялық болмысы да бүгінгі когнитивтік ұстанымдардың негізін қалаумен қатар, адамзат санасының тілмен сабақтаса сұрыпталатын әрекетін жаңа қырынан түсінуге, оны коммуникативтік немесе функционалды лингвистика мәселелерімен ұштастыра талдауға жол ашады.

Тіл біліміндегі танымдық бағыттың өзектелуіне тек осы күнгі тұжырымдамалар жемісі ретінде ғана емес, тарихи қалыптасудың, дәстүрлі дамудың үлгісі деп қараған дұрыс. Адам баласының тұрмыс-тіршілігімен, үздіксіз өсіп-жетілуімен анықталар білім парадигмасының маңызды бөлшегі болып табылатын когнитивтік зерттеулер әр кез ғалымдардың назарында болды, өйткені адамның лингвокреативті әрекетінде оның шығармашылық тұрғыдан ескіні жаңғыртар, жаңаны тудырар танымдық қабілеті көрініс табатыны ескерілді. Бұл жағдайда зерттеушілер «концептуалды интеграция процесінің универсалды сипатына» [6; 46] зейін қояды. Осындай аса қажет алғышарттар қатарында Е. С. Кубрякова сөз таптар теориясының когнитивтік негіздерін де зерделеп көрсетеді. Оны автордың 2004 ж. жарық көрген «Тіл

және білім: Тіл туралы білімді жинақтау жолында: Сөз таптары когнитивтік тұрғыдан. Әлемді танудағы тілдің қызметі» [7] атты еңбегі дәлелдейді. Тілдің күрделі табиғаты күрделі зерттеулердің дүниеге келуін айғақтайды, дәлірек айтқанда, бұл мәселені әр дәуірде тек бір жақты қабылдау мүмкін емес, ол үшін білім мен тәжірибе, пайым мен зерде, жады мен зейін қажет.

Қазақ тіл білімінің жекеленген тұжырымдарын да тілтаным теориясының қалыптасу бастамасы ретінде қарастыру бүгінгі күнгі когнитивтік зерттеулердің тың бағыттарын зерделеу, олардың қазақ топырағына тән даму сатыларын айқындау міндеттерін сұрыптауға септігін тигізіп отыр. Тіл табиғатын адамның танымдық әрекетімен байланыстыра талдаған тұжырымдардың қай-қайсысы да психофизиологиялық, әлеуметтік және этнотанымдық мәселелердің үйлесімді сабақтасуына негізделеді. Зерттеушілер назарына іліккен тілдік фактілердің көпшілігі лексикалық бірліктердің мағынасын анықтау, оларды халықтық пәлсапамен тығыз қарым-қатынаста пайымдау, ат қою процесінің танымдық негіздерін таразылау, адамның шығармашылық қабілетін жеке биологиялық мүмкіндіктерімен әрі өмірден көрген-түйгенімен байланыстыру, тіл тарихы мен тілдік категорияларды адамзат танымынан өрбіте түсіндіру, сол арқылы жекеленген тұлғалардың пікір-көзқарастарын зерделеу, оларды ой мен когниция, жады мен зерде, зейін мен білім жемісі деп қарау арқылы шешімін тауып отыр. Қазақ тілтанымының өзегін адамзаттың өмір сүру, қоғамда тіршілік ету ұстанымдары, жеке этностық құндылықтары мен мәдени нормалары құрайды. Оған дәлел ретінде ХХ ғасырдың бас кезінен күні бүгінге дейін дамып келе жатқан лингвистикалық ұстанымдарға көңіл аударған дұрыс.

*«Тілдің тарихын білу деген сөз – оның өніп-өскен жолын білу деген. Демек, тіліміздің сонау ұзақ жолда қандай өзгерістерге ұшырағанын, оған неге ұшырағанын білу керек. Бұрынғыны білу жай әншейін мақсат емес, тілді меңгерудің бір амалы»* [8; 119],- деп қазақ тіл ғылымының қалыптасу тарихын зерделеген Қ. Жұбанов пікіріне сүйенер болсақ, тілдің «өніп-өскен» негіздерін бағалау арқылы тіл ғылымының өзекті мәселелері өз шешімін табары анық. Бүгінгі таңда қазақ тіл білімінде ерекше көңіл бөлініп, тыңғылықты зерттеулерді қажет етіп жүрген проблемалардың бірі және бірегейі – қазақ тіл білімі теориясының қалыптасу тарихы, әртүрлі лингвистикалық салалар бойынша даму ерекшелігі, әлемдік деңгейде алар орны мен қосар үлесі. Қазақ зерттеушілері жеке тілдік фактілермен ғана шектелмей, «тіл философиясының» маңызды мәселелеріне назар аударды, лингвистиканың ғылымаралық «потенциалын» нысанға алып, адамзат тілінің табиғи болмысын өзге құбылыстармен байланыста зерделеуге тырысты. «...ескіні миллиондаған адам баласының миы, ойы жасаған» [9; 33] деген С. Аманжолов тұжырымына сай, жеке тұлғалардың дүниетанымы адамзат тілін универсалды немесе әмбебап құрал ретінде қабылдауға мүмкіндік

беріп, тіл білімі нақтыланған, бір жүйеге түскен теориялық бағыттар тоғысында ғана емес, сол теориялардың дамуына түрткі болған, солардың бастамасын құраған ғылымның ішкі рефлекстік негіздерін талдау арқылы да зерттеле бастады. Ішкі ғылыми рефлекстердің қалыптасуы объективті және субъективті уәждерден туындайтын диалектикалық дамудың нәтижесі болып табылса, ғылыми ұстанымдардың негізінде қоғам, заман, уақыт сияқты өлшемдер мен зерттеушінің жеке танымдық, логикалық, пәлсапалық пайымдары көрініс тапты. Сол арқылы ғылымның ішкі заңдылықтарын дәйектеуге бағытталған авторефлекстік принциптер, яғни зерттеушінің жеке тұжырымдары, екі түрлі амалдың үйлесімді сабақтасуымен түсіндірілер мүмкіндіктерге ие болады. Олар :

- ғылымның онтологиялық негіздерінен жоғары тұратын пәлсапалық рефлекстер арқылы тануға негізделген ерекшеліктер деп;
- тілшінің ғылыми мүмкіндіктерін толығымен жүзеге асыруға көмектесетін логика-методологиялық рефлекстер арқылы пайымдауға сүйенетін заңдылықтар, яғни кез келген ізденушінің ғылыми көзқарасын интра- және экстратанымдық факторлардың әсерімен, нақты ғылыми дәстүрдің ықпалымен дамыта талдау ретінде қарыстырылу.

Тілдік тұжырымдарды зерттеу барысында жоғарыда аталған екі ерекшелік те ғылыми-теориялық негізде қолданысқа енсе, онда ғылыми таным арқылы белгілі бір зерттеушінің ғылыми мұрасын талдап жүйелеу міндетін де жан-жақты жүзеге асыруға болады. Бұл жағдайда дәйекті талдаулар өзара тығыз байланысқан екі кезең арқылы сұрыпталады. Нәтижесінде авторлық бейне мен оның идеялық тұлғасы келер ұрпақ санасында тиісті бағасын ала алады.

Ендеше:

- тұжырымды ұғып түсіну ;
- оны логикалық амалдар негізінде талдап анықтау бағыттарының өз деңгейінде ұйымдастырылуы аса маңызды болғандықтан, лингвистикалық фактілер нақты ғылыми мәтіндермен айғақтала берілгені абзал, яғни тұжырымды дұрыс қабылдаудың өзегі ретінде мәтінмен тиянақты жұмыс істеу, оның идеялық мазмұнын түсіну нормалары басшылыққа алынуға тиіс. Ғалымдар мәтінді түсіне білудің төмендегідей деңгейлерін ұсынады:

- мәтін арқылы берілетін хабарға мән беру;
- логикалық түсінудің шарттары мен жағдайларын есте сақтау;
- ұғымдардың жалпы логикалық әлемін негізге алу;
- автор өмір сүрген дәуірдегі (кезеңдегі) мәдени-рухани сабақтастық мәселесіне ерекше көңіл бөлу [10; 10].

Белгілі бір лингвистикалық тұжырымды түсінуді, оның ішкі идеялық мазмұнын ұғынуды мақсат еткен алғашқы кезең де, ең алдымен, мәтінмен жұмыстың жолға қойылуынан басталады. Оның ерекшелігі – автордың пікірлеріне саналы түрде баға беру, айтар ойына тереңірек үңілу, сол



арқылы ғылыми дәйектелген тұжырымға жол ашу. Бұл ретте пәлсапалық герменевтика проблемаларын зерттеген П. П. Гайденконың: «егер данышпан шығармасында саналы бастауға қарағанда ішкі сезімталдылық басым түсетін болса, зерттеуші шығармасында, керісінше, саналы ой-пікірлер бірінші кезекке қойылуы керек...» [11; 138 ] деген пікіріне жүгінер болсақ, екі жақты дамып отыратын өзге қатысымдық жағдайларға қарағанда, герменевтикалық жағдайда тек бір жақты процесс байқалады, себебі әр басқа тарихи-қоғамдық кезеңдерде өмір сүретін автор мен зерттеушінің өзара араласуы не пікір алмасуы мүмкін емес. Тұжырымның авторы мен оны зерттеуші әр кезеңнің өкілдері болғандықтан, олардың байланысу мүмкіндіктері логикалық немесе логикадан тыс дамитын пайымдарға, толық яки жекеленген қабылдау формаларына негізделе ұштасады. Толық қабылдаудың негізгі түйіні логикамен сабақтасса, қосымша реңктері эмоционалды көңіл-күйге, ішкі дауысқа, сезу қабілетіне байланысты болады. Бір жақты қабылдау кезінде зерттеуші автордың ішкі ұғымдық кеңістігіне бойлай, оның мазмұндық, идеялық пәлсапасымен тұтаса, жеке субъективті ерекшелігін сезіне әрекет етеді. Ол үшін, «... олар ортақ қасиеттерге ие болу керек. Ондай бастамаға негіз ретінде олардың ортақ логикалық әлемі немесе адамзаттық ақыл-ойы алынады...» деп В. фон Гумбольдт тұжырымдарын зерттеуші В.И.Постовалова атап көрсеткендей, автор мен іздеушіні байланыстыратын ортақ канондар, логикалық ұғымдар қабылдауды жеңілдетіп, маңызды қағидаларды тереңінен түсініп талдауға мүмкіндік береді.

Екінші кезең ғылыми тұжырымның идеялық мазмұнын ашуға, оның құндылығын, өзектілігін айғақтауға бағытталады. Бұл кезде зерттеу нысанын құраған тұжырымдарды лингво-танымдық тұрғыдан дәл түсіну үшін ғылыми ізденістердің бағытын, олардың логика-әдіснамалық құралдарын жүйелеу қажет болады, сол себепті аталмыш кезеңде жалпы болжамдар нақты фактілермен дәлелденіп, маңызды лингвистикалық қорытындылар, ғылыми тұжырымдамалар жасалады. Нәтижесінде белгілі бір автордың концепцияларын талдау үш түрлі бағытта жүзеге асады:

- *«ішкі концептуалды» бағытқа* негізделе, бұл кезде белгілі бір автордың концепциясын зерттеуге бағытталған ізденістер тек баяндаумен шектеледі, сондықтан жаңалықтар деңгейі авторлық тұжырымның негізінде ғана анықталады;
- *«концепциядан жоғары тұратын» бағыт* бойынша, керісінше, авторлық тұжырымдарды негізге ала отырып, оның тың концептуалды құндылығына зер салу мақсат етіледі, сол себепті кез келген ой түйіні зерттеушінің субъективті талдауына еркіндік беріп, тұжырым дайын қалпында ғана емес, астарлы не аяқталмай қалған пікірлер тоғысында дамытылады, сол арқылы олардың ғылым үшін маңыздылығы айқындалады;

- «концепцияаралық» бағыттың ерекшелігі – тұжырымдардың кей бөліктері сыни сипатта зерттеушінің өз теориясымен салыстырыла беріледі, сөйтіп айтылған пікірге талдау жасауда ізденуші толық еркіндікке ие болады. Мұндай бағыт ғылымда сабақтастықты сақтауға мүмкіндік береді. [10; 7].

Аталған амалдар тіл ғылымында өзіндік қолтаңбасымен орын алған ғалымдардың зерттеулерін жаңа қырынан танып білуге септігін тигізетін әдіс-тәсілдер қатарын құрайды, өйткені кез келген автор тұжырымын уақыт таразысынан өткізе талдау, оның кешегі көрегендігін бағалау және бүгінгі мүмкіндіктерін сұрыптау қазіргі лингвистиканың маңызды мәселелерінің бірі және бірегейі болып саналады. «Тіл фактілерін тарихи тұрғыдан зерттеудің ғылым үшін үлкен мәні бар. Өйткені қандай құбылыстың, фактінің болмасын өткенін, тарихи даму жолдарын білмей тұрып, оның қазіргі күйін, сырын жете білу мүмкін емес...» [12; 7],- деп тілші Т. Қордабаев атап көрсеткендей, тіл ғылымының диахронды даму сипаты әртүрлі лингвистикалық тұжырымдардың дүниеге келуімен, олардың уақыт өте жаңғырып қайта толықтырылуымен және жаңа қырынан айқындалуымен ерекшеленеді. Тарих қойнауына енген ХХ ғасырдың І-ІІ жартыларын қазақ тіл білімінің ғана емес, жалпы теориялық ұстанымдардың да қалыптасу кезеңі ретінде қарастыру жекеленген пікірлердің өміршендігі арқасында жүзеге асып отыр. Қазақ тілшілерінің пікірлерін классикалық құрылымдық үлгімен қоса, терең пәлсапалық, танымдық, психологиялық және әлеуметтік сипатта талдау қажеттілігі де уақыт өзі әкелген талаптардан туындады, сол себепті «концепциядан жозары тұратын» және «концептаралық» бағыттарды ұстана келе, тілдердің жалпы даму заңдылықтарын басшылыққа алған лингвистикалық әлемде тіл атаулыны адамзат жаратылысының құралы деп қарастыру, оның функционалды-семантикалық ерекшеліктерін жан-жақты зерделеу, оны адам табиғатымен әрі өзге құбылыстармен тығыз байланыста анықтау қазақ тіл біліміндегі ауқымды ғылыми мұраның еншісін құрайды деп тұжырымдауға болады.

#### **Әдебиеттер тізімі:**

1. Гумбольдт В.фон. Язык и философия культуры. – М., 1985, Блумфильд Л. Язык. – М., 1968, Соссюр Ф.де. Заметки по общей лингвистике. – М.: Прогресс, 2000. – 280 с., Бодуэн де Куртенэ И.А.Труды по общему языкознанию. Т.1,2. - М., 1963. – 388 с., Поливанов Ю.Д. Труды по восточному и общему языкознанию. – М., 1991, Бенвенист Э. Общая лингвистика. – М.: Изд. «Прогресс», 1983. – 168 с.; Реформатский А.А. Введение в языкознание. –М., 1999. – 536 с., Березин Ф.М. История лингвистических учений. – М.:Высшая школа, 1975, Звегинцев В.А. История языкознания XIX и XX веков в очерках и извлечениях. Часть 1, 2. – М., 1960, Кодухов В.И. Общее языкознание. – М., 1982.
2. Аханов К. Тіл білімінің негіздері.- Алматы, «Санат», 1993. – 496 б.

3. Демьянков В.З. Термин парадигма в обыденном языке и в лингвистике. // Парадигмы научного знания в современной лингвистике: Сб.науч. трудов./ РАН.ИНИОН. Центр гуманитар.науч.-информ.исслед. Отд.языкознания; Редкол.: Кубрякова Е.С., Лузина Л.Г. и др. – М., 2006. – 164 с. – С.15-41.
4. Кубрякова Е.С. Понятие «парадигма» в лингвистике: Введение. // Парадигмы научного знания в современной лингвистике: Сб.науч. трудов./РАН. ИНИОН. Центр гуманитар.науч.-информ.исслед. Отд.языкознания; Редкол.: Кубрякова Е.С., Лузина Л.Г. и др. – М., 2006. – 164 с. – С.4-15.
5. Кун Т. Структура научных революций. – М., 1977. – 300с.
6. Лузина Л.Г. О когнитивно-дискурсивной парадигме лингвистического знания. // Парадигмы научного знания в современной лингвистике: Сб.науч. трудов./РАН. ИНИОН. Центр гуманитар.науч.-информ.исслед. Отд.языкознания; Редкол.: Кубрякова Е.С., Лузина Л.Г. и др. – М., 2006. – 164 с. – С. 41-49.
7. Кубрякова Е.С. Язык и знание: На пути получения знаний о языке: Части речи с когнитивной точки зрения. Роль языка в познании мира. – М., 2004. – 560 с.
8. Жұбанов Қ. Қазақ тілі жөніндегі зерттеулер. - Алматы. «Ғылым», 1999. - 581 б.
9. Аманжолов С. Қазақ тілі теориясының негіздері. – Алматы: Научно-издательский центр «Ғылым», 2002. – 368 б.
10. Постовалова В.И. Язык как деятельность. Опыт интерпретации концепции В.Гумбольдта. – М.: «Наука», 1982. – 222 с.
11. Гайденко П.П. Познание ценности.// Субъект, познание, деятельность: к 70-летию В.А.Лекторского. – М.: Канон: Реабилитация, 2002. -720 с.
12. Қордабаев Т. Қазақ тіл білімінің мәселелері. – Алматы: «Рауан», 1991. – 256 б.